

А. Рыскиева¹, Ә. Құранбек^{2*}, Б. Аташ²

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: akuranbek@gmail.com

ТӘҢІРШІЛДІК САНА: ЕЛІМІЗДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛИМАТ

Бұл мақалада қазіргі Қазақстан жағдайындағы тәңіршілдік сенімнің психологиялық-әлеуметтік климатына феноменологиялық, психоанализдік, құрылымдық талдаулар дін философиясы тұрғысынан жүргізілді. Қоғамдық санадағы талқыланып отырған дискурстар алаңындағы мәселелер жиынтығы ұсынылды. Тәңіршілдікке қатысты шоғырланған жағымды және жағымсыз көзқарастар жүйесі жинақталып көрсетіле келе, олардың динамикасы ретінде қазіргі әлеуметтік ақпараттық желілерге контент-анализ жасау арқылы зерттелінді. Қазіргі кездегі тәңіршілдік архетиптерінің нақты көрініс тауып отырған белгілерін мемлекеттік рәміздер, өнер туындылары арқылы дәйектей келе, тәңіршілдердің этикасы мен мінез-құлқының негізгі картинасы жасалды. Қазіргі Қазақстандағы тәңіршілдердің негізгі бағыттарын жіктеп көрсетіп, оны әрі қарай зерттеудің негізгі бағдарлары қалыптасты. Сондай-ақ қоғамдық санадағы тәңіршілдікке өтудің тетіктері көрсетілді, тәңіршілдікке берілгендіктің эмоциялық деңгейлері, тәңіршілдік фобиясы, тәңірлік тәжірибелері қоғамдық өмірді тікелей зерттеу барысында тұжырымдалды. Аталған құбылысты танудың онтологиялық және теориялық танымдық аспектілерден аксиологиялық, идеологиялық ракурске өту барысын талдаудың методологиялық негіздерін зерделеудің өзектілігі анықталды. Мақала авторлары заманауи әлеуметтік құрылымдар, заманауи әлеуметтік институттар, сондай-ақ осы қатынастар мен құрылымдар аясы негізінде қазіргі қоғамдағы тәңіршілдік сананы зерттеудің парадигмалары мен бағыттарын қалыптастырудың қажеттілігін негіздейді.

Түйін сөзгер: Тәңіршілдік, шамандық, архетип, ислам, салт-дәстүр.

A. Ryskiyeva¹, A. Kuranbek^{2*}, B. Atash²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: akuranbek@gmail.com

Tengrian consciousness: socio-psychological climate in the country

This article presents a phenomenological, psychological, structural analysis of the psychological and social climate of the Tengrian faith in the modern Kazakhstan conditions from the standpoint of the philosophy of religion. We have proposed problems on the discussed platform of discourses in the public consciousness. Summarizing the system of positive and negative views on Tengrianism, we investigated their dynamics through content analysis of modern information networks. We presented the basic picture of the ethics and behavior of Tengrians, supporting it with concrete manifestations of modern archetypes of Tengrianism with state symbols and works of art. The main directions of Tengrianism in modern Kazakhstan were identified and the main directions of its further study were proposed. The transition mechanisms to Tengrianism in the public consciousness were also demonstrated, emotional levels of devotion to Tengrianism, phobias of Tengrianism, practices of Tengrianism in the course of direct study of public life were formulated.

Key words: Tengrianism, Shamanism, Archetype, Islam, Traditions.

A. Рыскиева¹, А. Куранбек^{2*}, Б. Аташ³

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы

*e-mail: akuranbek@gmail.com

Тенгрианское сознание: социально-психологический климат в стране

В данной статье с позиций философии религии проведен феноменологический, психологический и структурный анализ социально-психологической среды, создаваемой тенгрианской верой в условиях современного Казахстана. Нами предложен ряд проблем для обсуждения в

контексте общественного дискурса. Обобщая систему позитивных и негативных взглядов на тенгрианство, мы исследовали их динамику путем контент-анализа современных информационных сетей. Представлена основная картина этики и поведения тенгрианцев, подкрепленная примерами конкретных проявлений современных архетипов тенгрианства в государственных символах, произведениях искусства. Выделены важнейшие тенденции развития тенгрианства в современном Казахстане и предложены основные направления его дальнейшего изучения. Также были продемонстрированы механизмы перехода к тенгрианству в общественном сознании, сформулированы эмоциональные уровни преданности тенгрианству, фобии тенгрианства, практики тенгрианства в ходе непосредственного изучения общественной жизни. Определена актуальность изучения методологических оснований анализа перехода от онтологического и теоретико-познавательного аспектов к аксиологическому, мировоззренческому ракурсу познания этого феномена. Обоснована необходимость формирования парадигм и направлений изучения тенгрианского сознания в современном обществе в рамках современных социальных структур, современных социальных институтов, отношений и структур.

Ключевые слова: тенгрианство, шаманизм, архетип, ислам, традиции.

Кіріспе

Қазіргі таңдағы түркі тілдес халықтар, оның ішінде қазақтар арасындағы тәңіршілдік сенімі туралы теориялық пайымдаулар мен тәңіршіліміне деген сенімдік тәжірибе елімізде қоғамдық санада аталған мәселеге деген әр түрлі пікірлер тоғысын дискурс алаңына шығарып отыр. Тәуелсіздік рухы біз үшін тек ұлттық кодты қайта жаңыртуға саналы, парасатты, рационал тұрғыдан келген жоқ, ол түпкі сана, бейсана, архетиптік құрылымдар арқылы да тасымалданды, демек, ұлттық болмысымыздың тылсым, ұмыт болып бара жатқан келбетін иррационалдылық (жағымды мәнде) пен түйсіну (түсіну емес), образды түрде айтсақ, «көңіл көзімен» көре білу үрдісімен жалғасын тапты. Бұл беталыс ретінде бүгінгі күнге дейін интенцияланған. Бұл таным мен пайымдау бағдары қоғамдық өмірдің барлық саласындағы дүниетанымға қатысты, тіпті, қарапайым тұрмыс кешу салттарына қатысты болып отыр. Ал тәңіршілдік тым көне архетип, шындығына келсек, ол тіптен күңгірттеу, солғындау болса да ерікті-еріксіз түрде хабар беретін ақпараттанған рухани кодымыз деп айтуымызға болады. Соңғы жылдары тәңіршілдікті дінтанулық, философиялық, әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеулер қолға алынып, кейбір ресми емес институттар мен көпшілік сана оның негізгі қағидаттарын тәжірибе жүзінде жүзеге асырып келеді.

Осыған орай, қазіргі таңда қоғамдық санада әрқилы көзқарастар жүйесі қалыптасып келеді, олар әртарапты және сан қилы. Бірақ ең басты екі диспозиция бар екені жасырын емес, біріншісі, ислам дінін қуаттаушылардың оған қарсы болуы, екіншісі, тәңіршілдікті ата дініміз деп қабылдайтындар. Ендеше, қазіргі қа-

зақстандық қоғамдық санадағы тәңіршілдік туралы діни-психологиялық климат пен жалпы беталыс бағдарларын зерделеу өзекті мәселелердің бірінен саналатындығы күмәнсіз. Бірақ бұл тұста, айта кететін жайт, бұл мақалада біз тәңіршілдік сенімінің жалпы болмысы мен мазмұны: шығу тегі, аңыздары, генезисі мен эволюциясы, негізгі көздері мен ұстанымдары, тарихи жағдайлардағы түрленуі секілді мәселелерді қарастырмаймыз.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Тәуелсіздік алғаннан бергі діни дискурс қазақ руханиятындағы ислам мен архаикалық наным-сенімдердің, соның ішінде тәңіршілдіктің діни танымдағы, ұлттық айдентикадағы орны мен маңызын анықтауды талап етеді. Қазіргі медиакеңістікте осы мәселелерге байланысты қызу пікірталастар жүріп жатыр. Өздерін «тәңіршілдер» деп атайтын топтардың өкілдері осы сенімді ұлттық айдентиканың өзекті элементі, қазақыдүниетаным мен ұлттық құндылықтардың құрылым құраушы жүйесі іспеттес қарастырады һәм осы идеяны қазақ қоғамына ұсынады. Міне, сондықтан осы діни наным-сенімнің пайда болуын, тарихи эволюциясы мен трансформациясын, қазіргі мәдениетіміздегі, ұлттық сана-сезіміміз бен тұрмысымыздағы көріністерін ғылыми объективтілік тұрғысынан талдау аса өзекті. Бүгінгіміздегі Қазақстан технологиялық және инновациялық үдерістермен бірге рухани тұрғыда жаңа сынақтар алаңына да айналып отыр. Бұл дүниетаным мен руханият, рухани, ғылыми, саяси сана-сезім деңгейіндегі өзгерістерді және әлемдік тарихи кеңістіктегі жаһандық өрлеудің келешегін ұғынуды талап етеді, қазақ топы-

рағындағы рухани-философиялық дәстүрлерге жүгіну мен тарихи-философиялық, әлеуметтік-гуманитарлық, ғылыми-методологиялық салыстырмалы талдаулардың өзектілігін арттыра түседі. Мұның бәрі ортақ тарихи, ұлттық сана-сезім мен болашақты бағдарлау мәселелерін, әлеуметтік-тарихи сабақтастықты қоғамдық қалыптасу мен өрлеу үдерістері тұрғысынан түсіну үшін аса қажетті екені даусыз. Осы тұрғыда аталмыш тақырыптың теориялық-методологиялық және практикалық қажеттілігі ислам және халқымыздың байырғы сенімдерін жаңадан бағамдау, философия мен дінтанудың өзекті және іргелі мәселелерінің жалпы философиялық шешімдері бейнеленген әлеуметтік зерттеулердің, ғылым мен білімнің моделдерін қалыптастыруда көрініс тапқан. Сондай-ақ, аталған тақырыптың өзектілігі руханилық, мәдениет салаларындағы әлеуметтік-гуманитарлық және дінтанулық, философиялық зерттеулердің жаңа әдістерінің, жана эпистемологиялық ұстындардың қалыптасуы және ұлттық діни, философиялық-мәдени дәстүрлер мен мәдениеттер сұхбаты тұрғысындағы сананы жаңарту міндеттерін шешу аясында тиянақталатын зерттеулердің қолданбалы сипатымен де негізделеді.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Қойылып отырған мәселеге алдымен, дін философиясы мен дін әлеуметтануы тұрғысынан келе отырып, тәңіршілдіктің өзінен гөрі оның қоғамдық санадағы көрінісіне айрықша тоқталатын феноменологияға жүгінеміз, қаншалықты нәтиже мен пайда әкелетіндігіне тоқтала отырып, прагматистік қағидаға ойысамыз, тәңіршілдіктің сана мен тәңіршілдік сенімнің элементтеріне құрылымдық-функционалдық талдаулар жасап, стратегиялық психоанализ бойынша оның бүгінгі таңдағы қоғамдық санадағы келбетін саралаймыз. Сондай-ақ, контент-анализ бойынша БАҚ-ы мен қазіргі ақпараттық желілердегі қоғамдық пікірді таразылап, әлеуметтік философиялық тұжырымдар ұсынамыз.

Негізгі бөлім

Тәңіршілдікке қатысты дискурс алаңындағы ахуалдар мен проблемалар алаңындағы негізгі мәселелерді былайша жіктеп таразылаймыз.

1. Қоғамдық санадағы талқыланып отырған көзқарастар жүйесі бойынша;

Теориялық талқылардың қойылып отырған мәселелері: тәңіршілдік дін бе, сенім бе, дүниеге көзқарас па; тәңіршілдік қай кезеңде пайда болған және қалай тараған; тәңіршілдік сенімнің элементтері мен салттарының негізгі ерекшеліктері қандай; шамандық тәңіршілдік элементі ретінде қалай құрылымданады; тәңіршілдіктің өзіндік ерекшеліктері мен мәні неде деген іспеттес сұрақтар.

Көпшілік санадағы ой талқылар: тәңіршілдік сенімі, бұл не? Тәңіршілдіктен бізге қаншалық зиян және қаншалықты пайда болуы мүмкін; тәңіршілдік адасу болып табыла ма, әлде атабабамыздың көне архетиптік бастауларына сүйену ме деген сауалдармен тығыз астасқан.

2. Тәңіршілдікке деген жағымсыз және жағымды көзқарастар

Антитәңіршілдердің өзін үш бағытқа ажыратуымызға болады:

– тәңіршілдіктің тарихи негіздеріне бойламай, оны таза адасу, халық арасына жік салу үшін, исламға соққы беру үшін ойлап табылған жасанды ілім, сондықтан, олармен батыл күресу қажет, тіпті болмаса оларды жоғалту үшін қатаң шаралар қолдану керек деп санайтын – радикал көзқарастағылар.

– тәңіршілдік сенім әлдеқандай бір көне моңғол тайпаларындағы сенім, оның қазіргі қазақи дүниетанымға еш қатысы жоқ, халықты адастыруға алып келуі мүмкін, бірақ дін еркіндігі мен бостандығына сай ол дінді ұстануға бет бұрушыларды ізгілікті, бейбіт, түсіндіру жолдарымен кері қайтару қажет деп санайтын – либерал көзқарастағылар.

– «Иә»-ден гөрі «Жоқ» деп санайтын «минус нейтралитет» бағытындағылар, бұл әркімнің өзінің жеке басының ісі, енді адасу болған жағдайда да, бір уақыттарда сенімдері өзгерер, жалпы бұл үдеріске мән бермеу керек деп санайтын – бейтарап қатынастағылар.

– «Жоқ» тан гөрі «Иә» деп бағалайтындардың ұстанымы, қазақ даласында тәңіршілдік пен ислам діні кірігіп кеткен, біз екі дінді қатар ұстанған дуалистік сенімдегі халықпыз деген мағынаға жуықтайтын көзқарастағылар.

Тәңіршілдікке деген жағымды көзқарастағыларды да шартты түрде былайша ажыратуымызға болады: (тұжырымдар қазіргі ақпараттық желілердегі чаттардағы көзқарастарға контент-анализ жасау арқылы жасалды: «Тәңір ілімі» қоғамдық бірлестігі, «Ритуалы Тенгри», «Тәңір Елі», «TENGRİ HUB», «Tengri yirlari»,

жасөспірімдер арасындағы тәңіршілдер (шамамен 15-22 жас).

Тәңіршілдікті де, исламды да жоққа шығармай, аралық буынды сақтауды көздейтіндер, нақтырақ айтқанда, «исламды-тәңіршілдер» немесе «тәңіршіл исламшылар»:

- Тәңіршілдікке бет бұрып келе жатқандар;
- Тәңіршілдікті мойындап, тәжірибе жүзінде оның шарттарын орындап, өздерін тәңіршілмін деп атайтындар;

Тәңіршілдік тұжырымдамаларын қолдағанмен, өздерін тәңіршімін деп есептей бермейтіндер:

- Тәңіршілдік ұстанымдарына, оның ішінде шамандық дәстүрге, ата-баба аруағына сыйынуға ден қойғандар және оны өмір сүрудің негізгі мағынасы деп санайтындар;

- Исламды атүсті мойындап, Тәңіршілдіктің салттарын орындауға бет бұрғанмен, «Тәңіршілдік» атауын ескере бермейтіндер;

- Тәңіршілік жолмен жүретіндер, исламды тек формальді түрде, көпшілік ағымымен ғана еске алатындар, ең ерекше феномен: олар өздерінің тәңіршіл екенін білмейді;

- Тәңіршіл ме, басқа ма, оларға бәрібір, бірақ исламға дейінгі көне түркілік, арғытүркілік тарихқа деген құштарлық, рухани, материалдық мұраларға деген құрметтері басым болатын топтар.

3. Тәңіршілдік архетиптері

Ал қоғамдық санамен қатар қоғамдық бейсанадағы (ұжымдық бейсаналықта) климатта не болып жатқандығын да назардан тыс қалдырмау керек. Тәңіршілдік архетиптерінің соңғы кездері неліктен оянғандығы туралы дәйектеу өте қиындау. Дегенмен, біздің жорамал бойынша, біріншіден, жасанды емес, санадағы қазақи рухтың жан шынайылығының көрінісі болуы ықтимал, екіншіден, исламдық керітарпа ағымдар, радикал топтардың белең алып, ұлттық қауіпсіздікке кесел келтіруінің де әсеріне қарсы реакция ретінде құрылымданған, «исламофобияның» басқаша форматқа, белгілі бір тарихи негізі бар сенімге ауысқан бір көрінісі болуы да мүмкін.

Тәңіршілдік архетипінің бастаулары ғылыми теориялық санада да көп зерттеле бермейтін, кейде, басқа дінді ұстанатындар тарапынан «қашқақтап кететін» тақырыптардың бірі. Шындығында, ол тәуелсіздік алған жылдардан бастау алғандығын көп ешкім сезіне бермейді. Туымыздың Көк түсті болуы және онда Күн мен

қыранның бейнеленуі, Елтаңбадағы мүйізді жылқы К.Г. Юнгтың психоанализ әдісін қолдансақ, ұжымдық бейсанада жағымды болып қабылданды (Юнг, 2019). Осы жағымдылық пен көпшіліктің оны құп көруі де ұжымдық бейсаналы түрде жүріп отырды (Оразқұлова, 2010: 44-48), архетиптік болғаннан кейін, оны ғылыми ойлайтын тұлға болмаса, көпшілік өздері бұл Көк түсті қабылдап отырғандығын сезіне бермеді.

Бұрынғы КСРО кезіндегі Қазақстан тарихын 1917 жылдан ғана бастауды ниет еткен заман, одан кейінгі Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бастау керектігі туралы пікірлер кейбір шынайы ақиқатқа үмтылған ғалымдарды қанағаттандыра алмады, сондықтан, тым арғы тарихқа, түркілік, тіпті арғытүркілік тарихқа үңілгенде, этнография мен ата-бабаларамыздың сенімдерінде үнемі Тәңіршілдікке кезігіп қана қойған жоқ, олардың руханиятында басты орын алғандығына да көз жеткізді. Бұл – Ғұн дәуірінен бастап, Алтайдағы Көне түркі жазба ескерткіштерінде де, Оңтүстік аймақта өмір сүрген Махмұт Қашқари еңбектерінде де кездесе берді (Аманжолов, 2004), тіпті, оның жазба түрде орын алуы ойландыра бастады, оның үстіне көне Қытай, Еуропалық деректерде де кездесетін тәңіршілдік ұғым, XIX ғасырдағы ғалым Шоқан Уәлихановтың зерттеулерімен жалғасып келіп жатты (Уәлиханов, 2004: 180-190).

Бұл – тәңіршілдікті қаласа да, қаламаса да бүгінгі ғалымдарымызға оны елеусіз қалдырауға болмайтындығына көз жеткізді.

Тәңіршілдік архетиптер шығармашылықты, ой еркіндігіндегі адамдар болған соң, өнер иелерінің туындыларында көрініс тауып отырды. Шындығында, «Келін», «Бақсы», «Шал» секілді әлемге әйгіленген фильмдер тәңіршілдік архетиптері негізінде композицияланды. Ал бейнелеу өнерінде суретшілер, қолөнершілер көне діни дүниетанымды нысанаға алғанда, исламнан гөрі тәңіршілдік элементтерін композициялауға құштар болды. Олар да Ұмай Ана, Тәңірі, Бақсыны кейіптеуге баса назар аударып отырды.

Ал исламды қуаттаушылардың кейбір топтары қазақтардың көне әдет-ғұрыптарын қолдай қоймады, өйткені, исламдық та архетиптер, бейсаналы түрде тәңіршілдікті исламның антиподы деп түйсінді. Осыдан, исламдық пен тәңіршілдік архетиптер арасында, шындығында, ислам діні қазақ даласына таралғаннан бері жалғасып келе жатқан «тайталас» қайтадан Сана алаңына шықты.

4. Тәңіршілдіктің айқындалып келе жатқан саяси-әлеуметтік, рухани-этикалық тұжырымдамалары.

Тәңіршілдердің жағымды, пайдалы, артықшылықтары деп санауға болатындай ерекшеліктерін «тәңіршіл қоғамдық сананы» зерттеу бағыты бойынша, тәңіршілдердің өзіндік көзқарастары негізінде, пікірлері мен ұстанымдарын былайша жинақтап көрсетуімізге болады:

– шамандық көріпкелдік арқылы ұлттық қауіпсіздікке алаңдаушылық білдіріп, сыртқы және ішкі қатерлерді ескертіп, мүмкіндік болған жағдайда, тарихи үдерісті жағымды жағына қарай өзгертуге ұмтылуы. Шындығында да, зерттеуші Қайнар Қалдыбай тұжырымдағандай, көне дәуірлерде шамандық ұлттық қауіпсіздіктің басты буыны болған (Қалдыбаев, 2015: 48-50);

– салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты (әсіресе, исламға дейінгі) шын ниетімен жандандырып, оған қолдау көрсетіп, қайта түлетіп, күнделікті өмір тәжірибесінде ұстанушылар қатарының көбеюі және олардың қазіргі ғылыми-тәжірибелік негіздемелерін ұсынушылар;

– «тәңіршілдік сана» деп атауға болатын, оны «Жаңа Қазақстанмен» байланыстыратын, тәңіршіл адамның мүлтіксіз мінез-құлық келбетін дайындауға деген бетбұрыстардың болуы;

– мінез-құлықтың негізгі бағдарлары: көне түркілік жауынгерлік рухты иеленген, шынайы елінсүйгіш жан (қазіргі жалған патриотизм емес) мен намысты тұлға дайындау, адалдық пен шыншылдықты, адамгершілікті, әділеттілікті сақтауды аруақтардың «өсиеттерін орындаушылар» ретінде сезініп (жемқорлықтан, жалған екі жүзділіктен (мұнафық) ада байырғы Қазақ ділінің тап шынайы төлтума келбетін ғана қабылдаушылар (басқа жалған сенімдер араласқан уағыздарды мойындамайтындар).

– барлық діни радикал ағымдар мен басқа шет елдік жағымсыз идеологиялар мен манипуляциялардан қорғаныш тетіктерін құрып алған сананың нық орнығуы.

Кейбір көзқарастар «христиандық этика», «мұсылмандық этика» сияқты тәңіршілдік ілімінің этикасы да ресми түрде тиянақталуға ұмтылып келеді. «Тәңіршіл азамат тұлғасы және оның психологиялық-моральдік мінез-бейнелерінің канондары» деген сияқты бағдарда құрылымданатын сияқты.

5. Тәңіршілдер арасында барлығының жалпы түсінігіне ортақ базис болғанмен, оның әр түрлі түсіндірушілер кездеседі:

1. Тәңіршілдікті ислам, будда, христиан сияқты дін деп түсініп, оның екі негізгі элементін баса көрсететіндер: шамандық пен аруаққа табыну. Оны пантеизм, монотеизм, еркін ойшылдық, сакрал мән, эзотеризм деген атаулар арқылы түсінетіндер.

2. Еліміздегі тәңіршілдікті тарихи мағлұматтар жеткіліксіз болғандықтан, оның үлгілерін қазіргі Сібір аймағындағы бурят, тыва, саха сияқты халықтардың фольклоры мен ритуалдары арқылы танып, оның қазақи тәңіршілдікке сол қалпында қолдануға ниеттілер. Сондай-ақ, олар неошаманизмге де ерекше тоқталады.

3. Тәңіршілдікті терең астарлы қазақи дүниетанымның көрінісі деп ұғынатындар. Бұл дүниетаным бүгінгі де қазақ болмысының қанында сақталған, архетиптік түрде болса да, жиі көрініс табады, одан қашып құтылу да қиындау деп санай келе, ұлттық болмыстың әрбір элементінен: тіл мен діл, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, халықтық медицинаға еуроцентристік, үстіртін тұрғыдан емес, қазақи пайымдаулар арқылы үңілетіндер.

4. Тәңіршілдікті таза қазақи дүниеге көзқарастардың жиынтығы деп оған арнайы атау бермей-ақ, қазақ халқы болмысымен, табиғатымен тәңіршіл, ал ислам қондырма деп ұғынатындар және тәңіршілдік этикасынан ислам этикасы тым төменгі деңгейдегі VII ғасырлардағы арабтардың өздерінің рухани азғындауынан сақтап қалу үшін ойлап тапқан схоластикасы мен догмасы деп түсіндіретіндер, қазақтардағы ислам руханиятын кезіндегі үстірт идеология сарқыншақтары деп қабылдайтындар.

Осыдан қазіргі таңдағы Қазақстандағы Тәңіршілдікті әр түрлі түсініп, өзіндік бір бағдарлар құрып алған бағыттар мен арналар қалыптасқан тәрізді деп айта аламыз.

6. Тәңіршілдердің арналары мен бағыттары

Тәңіршілдік сенімді мойындаушылар мен оны ұстанатындар арасында да әрқилы түсінетін бағыттар жоқ емес. Оларды былайша жіктеп көрсетуімізге де болады.

1. Тәңіршілдікті зерделегенде және оның қағидаттары мен рәсімдерін жасағанда, теориялық білім іздегенде, Сібір халықтарындағы, буряттар, тывалар, сахалар сияқты ұлттардың шамандық пен тәңірлік сенімдеріндегі элементтерін көп жағдайда басшылыққа алады. Сондықтан да оларды сырттан бақылаған кейбір исламшыл көзқарастар «моңғолдар», «қалмақ-

тар» деп келекелейді, дискриминациялайды немесе қате түсінеді.

2. Тәңіршілдік сенімді көне қазақи аңыздар мен сенімдер арқылы туындатады, исламға дейінгі немесе шарифатта қарастырылмаған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың барлығын тәңірлік сенімнің көріністері деп бағамдайды. Серікбол Қондыбай, Ғұзыхан Ақпанбек, Аслан Жақсылықов, Қанат Нұрланова сынды ғалымдардың негізгі идеялары мен мифологияларын басшылыққа алатындар.

3. Тәңіршілдік пен шамандықты біртұтастықта қарастырады, сондықтан да, аруаққа табыну мен оған бас ию, көне бақсылық ритуалдарды жаңғыртуды негізге алады. Қазіргі таңдағы аруақты адамдар, олардың рухтарына бас иіп, одан жәрдем күтеді, тылсым ата-баба рухымен байланысқа да түседі: аян беру, түсінде көру, аруақтардың мазалауы. Бірақ бұларды еуроцентристік көзқарастар тұрғысынан гипноз, шарлатандық, психологиялық ауытқу деп бағалауға да келмейді. Олар «осы-мінеболмыс» пен «өзге-осы-болмыс» аймақтарына еркін ауыса алады.

4. Тәңіршілдікті қолдайды, қуаттайды, бірақ тек теориялық тұрғыдан ғана, ғылыми жолмен дәйектеуге бет бұрып, рационалдықты басшылыққа алатындар. Олар жалпы алғанда, барлық діндерге толерантты болып келеді. Сонымен қатар, тәңіршілдікті діннен гөрі кең дүниетаным деп пайымдайды да, ғұмыр кешу мен онтологиялық-космологиялық үлгідегі терең философия деп ұғындырады.

5. Тәңіршілдікті қазақи дүниетаным, қазақи ғылым, қазақи философия ретінде басқаша қырынан түсіндіретіндер. Ондағы әрбір элементке үңіліп ғылыми-теориялық астарларын іздеп, өзіндік дәйектемелер ұсынады. Тіпті тастағы жазу суреттерді де сөйлетеді, белгілі бір деңгейде дәйектемелері логикалы болып құрылады. Олар шамандықтан гөрі, Тәңір ілімінің өзіндік құпиясына, шежіреге, тастағы таңбаларға, ру таңбаларына үңіліп, олардан символдық қана емес, реал мән тауып алады. Бірақ оны да әзірге басқа ғылыми қауымдастық мойындай қойған жоқ.

6. Исламды-тәңіршілдер немесе керісінше тәңіршіл-исламшылдар деп атауға болатын бағыт. Бұл бағыттағылар негізінен Тәңіршілдікті де, исламды да мойындап, екеуін бір құбылыс деп ұғынатындар және екеуінің арасында еш қайшылық жоқ деп саналы түрде түйсінетіндер немесе ресми түрде рационалды мағынада

түйсінбесе де, стихиялы түрде тәңіршіл-исламшыл деп атауға болатындай өзіндік бір медиабағытты, метабағдарды ұстанатындар, бірақ олар өздерін «исламо-тәңіршілдерміз» деп атамайды (мүмкін өздері де білмейді). Мәселен, ғалым Жанарбек Берістен бұл құбылысты керісінше түсіндіреді: «Исламның өзін қазақи ислам етіп жасаған. Қазақ этикасына исламды сіңіріп жіберген. Бұл бүгінде дәстүрлі ислам деп айтып жүргеніміз осы қазақи ислам» (Берістен, 2017).

7. Тәңіршілдікке бет бұрған Жастар тобы (оларды «неофиттер» деген атаумен шатастыруға болмайды). Олар қазақи салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты құрмет тұтып, шежірені қадірлеп, қазақтың тілі мен ділін сыйлап, ұлттық кодты бейсаналы-саналы түрде болса да терең түйсініп, өздерінше бір ресми ұйымдасқан түрде корпоративті ынтымақтастық құрып алған топтар. Олар барынша белсенді және тек жастардан ғана құралған бірлестікті қалайды. Бірақ оны жастардың субмәдениеті немесе контрмәдениет деп атауға да болмайды.

8. «Неошаманизм» деп кейбірі атап жүрген немесе атауға болатын бағыт. Шындығында, осындай бағыт әлемдік масштабта арнайы ұғым ретінде мойындалғандықтан, қазіргі қазақтар арасында беталыс ретінде көрініс тауып келеді. Мақала авторларының бірі философ Берік Аташ дәйектегендей, шамандық, ол тұтас мәдениет, оны қазіргі мәдениет пен өркениеттің көптеген элементтерінен байқауға болады (Аташ, 2022: 185).

7. Теориялық санадағы тәңіршілдікті зерттеудің бағдарлары.

Тәңіршілдікті зерттеуде тек қазақтар арасында ғана емес, дүниежүзілік ғылыми дискурстарда да қызығушылық кездеседі, әсіресе, Ресейдегі Алтай мен Сібір халықтарының ділі мен дүниетанымына үңіліп, шаманизмді зерттеуге бет бұрып, іргелі жобалар аясында ізденістер тудырып отыр. Жалпы әлемдік деңгейде, Станислав Гроффтың трансперсонал психологиясы (Грофф, 2000), кванттық салалық бағыттар (Ландау, Лифшиц, 2004: 400-456), әлемнің голограммалық картинасы және т.б. атап өтуімізге де болады. Отандық ғалымдарымыз да бұл салада өз зерттеулерін жүргізіп отыр.

Біздіңше, тәңіршілдікті алдымен, теориялық тұрғыдан, талдап, тәжірибедегі үлгілерін ұсыну қажет. Бірақ бұл тым көне дүниетаным боғандықтан, интегративті танымды қажет ететін іргелі дүниетаным. Бұл тәңіршілдікті зерттеудің

әдіснамалық-теориялық негіздері деп атауға болатын өз алдына жеке мәселе. Бұл ахуалды Алтынбек Мерсадық былайша тарқатып береді: «Осылайша, дәл осындай философиялық-әдістемелік послықаларға сүйене отырып, біз тәңіршілдікті зерттеудің өзіндік әдістері, тәсілдері мен принциптері туралы айта аламыз. Біріншіден, зерттеу барысында біз өзара байланысты бірнеше әдіснамалық тәсілдердің синтезін қолдандық: феноменнің өзін түсіну, түсіндіру және сипаттау ретінде қабылдауға болатын интерпретация; репродукция – еске түсіру, қайта жаңғырту «Жандану», сананың архетиптерін белгілеу; қайта құру – өткен және қазіргі шынайылықты қайта құру, конституцияландыру – белгілі бір идеяларды, қағидаттар мен ережелерді бірыңғай тұтас түрде жүйелі түрде формализациялау» (Мерсадық, 2021).

8. Исламдық сенімнен тәңіршілдікке өту трансформациялары мен тетіктері, келбеті, сатылары.

Тәңіршілдік архетиптің қуатты екендігі мен исламдық радикализмнің өрши түсу қаупі, қазіргі таңда исламды бірте-бірте «қазақи ислам» жасауға деген ұмтылыстармен жалғасын тауып отыр. Бір қарағанда, бәрі сол қалпында сияқты болғанмен, исламдық қоғамдастықтың өзінің радикал сипаттағы ұстанымдардан бірте-бірте арылуға, сондай бағытты жақтаушылардан іргесін алшақтатуға деген беталыстары да байқалады. Мәселен, қазақи салт-дәстүрге қарсы шықпау, ұлттық идеяны қолдау, бұрынғы наным-сеімдерге деген тым әсіре жағымсыз көңілдерінен жайғана жағымды көзқарас деңгейіне ауыса бастауы, мәселен, ата-баба аруағы туралы халықтық сенімді жоққа шығармау және т.б. Бұл қарапайым мешіттегі имамдардан бастап, ҚМДБ-ның ұстанған діни саясаты мен идеологиясынан да анық көріне бастады. (Бұл беталысты оңай түйсінуге үшін, осыдан он жыл бұрынғы ресми өкілдерінің діни идеологиясымен салыстырып қараңыз!). Бұл бір қырынан Тәңіршілдік пен Исламды бітістіру, жақындастыру, татуластыру, медиацияға түсіру сияқты болып көрінгенмен, шындығында, олай емес, зайырлы мемлекеттік ұстанымдарының ескертпелерінен туындаса керек деп пайымдай аламыз.

Осыдан қоғамдық көпшілік санада әрқилы пікірлер мен «адасулар» пайда болады. Бір қарағанда, бәрі бірқалыпты, тұрақты, байсалды жүріп отырған сияқты. Осыдан бірнеше жыл бұрынғы «Аллаһ» атауы бірте-бірте, «Алла» ата-

уына ауыса бастады, соңғы 1-2 жылда қайтадан «Тәңірмен» синонимдес болып кетті. Мұсылман діни қызметкерлерінің көпшілігі, Тәңір мен Алланы бір ұғым ретінде қолданып, дискурстарында «аруақ» түсінігін де айналып өтпейтін болды. Уағыздарында тарихтағы ислам «кумирлерімен» қатар қазақ даналары да естілетін болды (бұрын олардың есімдері онша аталмайтын еді).

Бірақ бұл үрдістерден пайымдағанымыз, «ислам дінін ұстанатындар бірте-бірте тәңіршілдікке бет бұрып бара жатыр» деген түсінік тумауы тиіс, бұл исламнан бас тартуға алып бармайды, уақытша болса да, «біз радикал ислам бағытынан емеспіз, ислам да қазақи дәстүрлерді құрметтейді» деген көзқарас тудыру үшін қажетті тактика сияқты.

Шындығында, «бұрынғы ислам дінін ұстанған тұлға тәңіршілдікке қалай бет бұрды?» деген сауалға тоқталып, тәжірибелік зерттеулер жүргізіп, интервьюлер мен сауалнамалар қорытындысы, ақпараттық желілерге жасалған контент-анализ бізді мынадай түйінге алып келді: исламнан тәңіршілдікке эволюциялық жолмен емес, революциялық жолмен келгендер көбірек болып шықты. Бірнешеуіне мысалдар келтіруімізге болады:

Т.: «Бала күннен ата-анамнан көрген тұрмыстық жол-жоралғыларым бәрі ежелгі қазақшылық, яғни тәңірлік жоралғылар екенін (әсіресе, ырым-тиымдар) білдім. Б. (есімді танымал азамат) да «қазақта тәңір деген дін жоқ, қазақтар ислам келместен бұрын басына ... майын жағып, қыздарын қонаққа салып беріп жүрген, бақсыбалгерге, құмалақшыға барып» – деген кесір сөзінен соң, қазақтың көбі табиғи, туа сала тәңірші екенін түсіндім. Араб идеологиясы шабуылшыл идеология екенін анық білдім және уағызшы С. (есімді танымал азамат) 7 шелпек кімге тиеді, 700 шелпек пісірсең де пайдасы жоқ, аруақ жоқ деген сөзінен, сондай-ақ, «шырақшы ешекбастар» деп молаға шырақ жағу дәстүрін жоққа айқайлап шығарғанда, Құранды алып оқып қарадым да, ондағының бәрі және уағызшылар айтып жатқанның бәрі бедуйн ата салты екендігін білдім. Өз ежелгі қазақи тәрбие санамда қалды»;

С.: «Мен студент кезімде Құдайға, жат елдің тілінде жалбарынуымыз керек деп басымыз қатып жүргенде Тоқтар Абыздың Тәңір туралы ақпараттарын өз аузынан естіп, содан Тәңірге бет бұра бастадым. Не ары емес, не бері емес күйде жүріп намаз оқып жүрген кезім еді. Имамның ширк, харам, анау болмайды, олай

емес, былай, деген сандырақтарынан шаршап кеттім де, тасбиқты бір лақтырдым да исламнан біржолата шығып кеттім, содан түбегейлі Тәңірлікке бірден келдім, ол кезде 40 жаста едім (ол кісі қазір 50-ден асқан)»;

Ж.: «Мен өзімді мұсылманмын деп ойлайтынмын, тіпті намаз оқымақ болғанмын, бірақ бір реті келмеді, біресе уақыт болмайды, кейде оқымай-ақ қояйын деген ой келген. Басқа да себептер пайда болды. Бір күні тәңіршілдік туралы видео көрдім, өз-өзімді бір түрлі сезіндім. Сол видеодағы бубен соққанын естіп, ішімде бір нәрсе көтерілгендей сезім болды. Содан менің тәңіршілдікті зерттеу жолым басталды. Кейіннен бұл менің өмір жолым екеніне көзім жетті... Олардың уағызының бәрі араптан басқаны кемсіту... Туа сала тәңірші екенбіз, ислам этикасын жапсырып алып жүріппіз»;

Т.Р.: «Қазақтың Тәңірлік ілім иесі екенін, сан ғасыр тұрмыстық жоралғы болып өмірлік, наным практикасына айналған Тұрмыс салттары, тілі, мақал-мәтел, қасиеті, Отаншылдығы, «Арқасы», ақын-жыраулығы, Оюшы шеберлік қабілеті, аңшылық қасиеті, төрт түлікті баптауы қазақтардың ежелден табиғатпен бірігіп кетуінен келген дарыны, қасиеті... Қазақтар Құдайлық практиканттар, теорияшыл емес... Қазақтар баяғыда Құдайға сенімді өмірлік тұрмыстық ритуалға айналдырып жіберген. Жаратылыс табиғаттың бір бөлшегі екендігіне көзім жетті».

9. Тәңіршілдіктегі эмоционализм мен терең берілгендік деңгейлер:

1. Сібірлік (тыва, саха, татар, башқұрт), қырғыздық және қазақтық тәңіршілдер арасында фанаттық белгілер байқалмайды. Тәңіршілдіктің тарихи тамырларына үңілушілер де онда табынушылық болғанмен, зайырлылық сипаты басым болғандығын атап өтеді (Сабит және т.б., 2013: 76).

Ал қазіргі еліміздегі «аса өткір» деп бағалауға болатын көзқарастағылардың көпшілігі ислам дінін дәйекті, дәлелді, нық сенімді жолдармен үнемі жоққа шығарушылар, бірақ олар кейде бұл салада эмоцияға беріліп кетіп жатады;

2. Исламды жоққа шығарумен арнайы айналыспайды, бірақ пікірталастар мен дикурстарда оған деген жағымсыз қатынаста болады, бірақ бұл қатынас басқа діндерге деген қатынастың деңгейінде, Тәңір ілімі және «Өзге сенімдер» жағына сол исламдықты да енгізіп жібереді.

3. Шамандық сенімді басымдықта ұстайтындар белгілі бір ритуалдарын өткізіп тұрады, аруақтарға бас иіп, Тәңір мен Ұмай Анаға табынып, кейде, табиғат аясында ұжымдық түрде ритуал өткізеді. Онда даңғара (бубен), қобыз сияқты аспаптар ойналады. Қасиеті бар адамдар транс арқылы өткен мен болашақты «көре алады». Бұл тұста да, Станислав Грофтың трансперсонал психологиясының ұстанымдары, сананың өзгерген қалпы сияқты құбылыстар жүзеге асады. Аруақтарға арнап құрмет көрсетеді.

4. Тәңіршілдік салттары мен ілімдерін түсіндіру барысында ғылыми сараптамалар жасағанмен, кей сәттерде субъективті пікірлерін де ұсынып отырады. Негізінен олар нарратив білімдерді басшылыққа алады. Фоногенетикалық немесе философ Сапар Оспанов айтқандай, полифониялық герменевтиканы (Оспанов, 2009: 44-98) басшылыққа алып, семантикалық талдаулар жүргізеді, бірақ оны ғылыми қауымдастық мойындай қоймайды.

10. Тәңіршілдік фобиясы.

Қоғамдық санада қазіргі таңда билік, ислам дін иелері, өзге де зиялы қауым, өзге ұлт өкілдері және басқа да әлеуметтік топтар мен институттар тарапынан тәңіршілдікке деген жағымсыз көзқарастардың орнауын, болдыртпауын тілеу, бейне бір ұлт ішіне іріткі салу деп түсіну іспеттес мінез-құлықтардың бәрін жинақтап, «тәңіршілдік фобиясы» деп атауымызға болады.

Ислам дінін ұстанатындар үшін Тәңіршілдік фобиясының қатерлері, түптеп келгенде, мұсылман дініне қатер төну, яғни, психоаналитикалық тұрғыдан келгенде, исламдықтың өзін қорғау тетіктерінен туған бейсаналы-саналы феномен. Осындай пікірлердің кейбір бағдарларын мысалға алуымызға болады: «Ал, біздегі кейбір азаматтарымыз тарих қойнауына кеткен тәңіршілдікті қайта тірілтпек. Ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрді жаңғырту мүмкін болмағанда, «дінім – ислам, құдайым – Алла, пайғамбарым – Мұхаммед, қасиетті кітабым – Құран» деген халықтың ұмытылған нанымын қайтпек. Әлде, Құдайды да жекешелендіргілері келіп жүр ме?...» (Тойшыбайұлы, 2020).

Немесе: «Ағым мүшелерінің әлеуметтік желі парақшаларында қоғамда діни алауыздық пен араздықты тудыратын үндеулер насихатталған бейнежазбалар мен контенттер жариялануда. Олардың мазмұнында діни экстремизм белгілері кездеседі. Азаматтарды «мұсылман» бол-

ғандығы үшін «айыптап», «ата-баба жолынан, салт-дәстүрінен алшақтағандар» – деп халық арасында іріткі салу, ру-руға бөлу және т.б. әрекеттер еліміздің бірлігі мен дін саласындағы тұрақтылығына қауіп төндіреді» (Алмұрзаева, 2021).

Осыған байланысты кейбір тұжырымдар «бұдан сақтанушылардың әрекеті, байырғы Ресей отарлаушыларының саясатына да сай келуі ықтимал. Яғни, нақтырақ айтқанда, еркін, батыл, өз ойын ашық айта алатын, намысты, көне түркілік рухты бойына сіңірген, тектілік пен кісілікті жоғары бағалайтын, тек әділеттілікті сүйетін, қуатты тұлғаларды дайындайтын «тәңіршілдік сенім институты» ешқашан да бағыншылық пен құлдыққа бас игісі келмейтіндікпен де байланысты» – дегенге де келіп саяды.

Ал тәңіршілдікке қарсы болатын өзге де зиялы қауым өкілдері ислам дінін қабылдаған және осы ділмен өмір сүретін, ислам дінін бірден-бір жетілген, ең абсолют сенім деген ұғымды басымдылықта ұстайтын, дейтүркілік-түркілік архетиптерден гөрі, исламдық архетиптері басымырақ ұжымдық сана деп ой түйіндей аламыз.

11. Тәңірлік тәжірибелері

1. Тәңіршілдердің белгілі бір бағыты прагматизмдегі діни тәжірибе бағыты сияқты (Dewey, 1998: 159) таза тәжірибеге ден қояды: шамандық ритуалдар, тәңіршілдіктің қасиетті күндері табиғатқа барып, Тәңірге жалбарынады, Ұмай Анаға бас иеді, өміріне ризашылығын білдіріп, аруақтардан жәрдем сұрайды, қобыз, даңғара сияқты аспаптардың сүйемелдеуімен өткізіледі.

2. Жаназа шығару салттары орындалады, ол жерде Құран оқылмайды, орнына қайтыс болған адамның жанының тыныштық тауып, аруақтар әлеміне еніп, осы дүниеге немересі, шөбересі ретінде рухының қайтып, күт береке алып келуін тілейді. Рухын аруақтар әлемі қабылдауын сұрайды. Имам шақырылмайды, жаназасын шығарған адам қаралы үйден ешқандай да қаражат талап етпейді және имамдар тәрізді әлеуметтік мәртебесі жоғары адам деп дәріптеліп, ешқандай да асыра бағалуға ие болмайды.

3. Жеті шелпек пісіру дәстүрінде де Құран аяттары оқылмайды, қайтыс болған ата-баба аруақтарына бағышталып, Жаратқан Тәңір, Асыл текті Тәңір ұлдары, Ұлы Қазақ халқының өсіп-өркендей беруі үшін тілектер мен баталар арналады.

4. Исламдық «Алла жар болсын», «Алла бұйырса», «Алла Тағаланың қолдауымен» деген сөздердің орнына «Көк Тәңірі қолдасын», «Аруақ қолдасын», «Ата-баба аруағы қолдай гөр», «Ұмай ана рухы желеп-жебей гөр», «Қыдыр ата жолдасымыз болсын» деп келетін сөздер циклді түрде қайталанып айтылып отырылады, мәселен, жолға шыққанда міндетті түрде айтылады.

Нәтижелері мен талқы

– Қазіргі қоғамда «тәңіршілдер» аталып жүрген топтардың пайда болуын, негізгі діни-құндылықтық ұстанымдарын, негізгі идеяларын анықтау, осы топтардың ұйымдасуы мен қызмет етуінің алғышарттарын ашудың өзекті мәселе екені айқындалды.

– Тәңіршілдік құбылысын зерттеу аясында қазір тәңіршілдер атауымен танымал топтардың әлеуметтік құрылымын, ұжымдасуы мен қызмет ету принциптерін айқындау бойынша ғылыми-практикалық және методологиялық ұсыныстар әзірлеудің маңыздылығы көрсетілді.

– Тәңіршілдік сенімін феноменологиялық және әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеулер нәтижесінде бұл сенімнің еліміздегі жалпы психологиялық климатының негізгі бағдарлары көрсетілді және болашақ зерттеулерді тереңдете түсу үшін алынған мәліметтер мен сараптамалар оқырман қауымға ашық пікірталасқа ұсынылады.

Қорытынды

1. Қазіргі таңдағы еліміздегі тәңіршілдік сананың әлеуметтік-психологиялық климатын, біз, діни немесе теологиялық емес, дін философиясы, дін әлеуметтануы тұрғысынан рационал тұрғыдан зерделеуге көңіл аудардық. Мұнда ешқандай да апологетика, мәдениетімізді исламдандыру немесе тәңіршілдендіру де болмауы тиіс, құбылыс қалай бар, солай бағалануы тиіс. Феноменологиялық таза сана бұл тұста, сырттан бақыланған жағдайда, құбылысты сол қалпында тануға ықпалдасып отыруы қажет.

2. Тәңіршілдіктің осындай әлеуметтік-психологиялық климатын зерделеу ешқандай да діни, саяси, әлеуметтік идеологияларға бағынбауы тиіс. Мәселен, кейбір журналистер осы тақырыпта сөз қозғағанда, оны сыртқары ілім ретінде бағамдауға бағытталған және сол көзқарасын қоғамдық санаға сіңіруді бейсаналы

түрде көздейтін ақпараттар таратуға күштар болып тұрады.

3. Тәңіршілдік тым көне діни сенім болғандықтан, оның негізгі қағидаттары ұмыт бола бастағандықтан, оның ішкі мағынасы мен мәнінен тереңдеп үңілу барынша қиындықтар туғызады.

Соған қарамастан, басқа да түркі халықтары сияқты қазақ халқында да тәңір сеніміне деген бағыт алу үрдістері байқалып отырғандығы шындық. Ол үшін негізінен алғанда, әлі де кең масштабта ғылыми зерттеулер жүргізу қажет екені сөзсіз.

Әдебиеттер

- Алмұрзаева Б. (2021) Қазіргі таңдағы Тәңіршілдік ағымының көзқарас негіздері мен ұстанымдары // <https://religions-congress.org/kz/news/novosti/1108> (Қаралған уақыты: 15.08.2022)
- Аманжолов К.Р. (2004) Қазақстан тарихы дәрістер курсы. – 1-кітап. – Алматы: Алматы Кітап. – 137 б.
- Аташ Б.М., Танжаров М.И. (2022) Көне түркі-түркі-қазақ даласындағы шаманизмнің генезисі мен эволюциясы: тарихи-танымдық бағдарлар. – Адам әлемі. – №2. – 173-187 бб.
- Берістен Ж. (2017) Тәңіршілдік һәм қазақ халқының ұлттық миссиясы // <https://abai.kz/post/57737> (Қаралған уақыты: 15.10.2022)
- Грофф С. (2000) За пределами мозга: Рождение, смерть и трансценденция в психотерапии. – 3-е изд. – М.: Ин-т Трансперсональной Психологии, Изд-во Ин-та Психотерапии. – 504 с.
- Қалдыбаев Қ. (2015) Ұлттық қауіпсіздіктің философиялық негіздері. PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы. – 154 б.
- Ландау Л.Д., Лифшиц Е.М. (2004) Квантовая механика (нерелятивистская теория). – Издание 6-е, исправленное. – М.: Физматлит. – 800 с.
- Мерсадық А. (2021) Тәңіршілдік – қазақ дүниетанымының ажырамас бөлшегі // <https://e-history.kz/kz/news/show/33018/> (Қаралған уақыты: 15.08.2022)
- Оразқұлова Қ.С. (2010) Қазақстан суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана философиясы: филос. ғыл. канд. ...дис.. – Алматы. – 123 б.
- Оспанов С. (2009) Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратушылық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы: Арыс. – 424.
- Сабит М., Кокумбаева Б., Темиртон Г. (2013) Духовная культура великой степи и современность. – Алматы: КазНИИК. – 200 с.
- Тойшыбайұлы Амантай (2020) Тәңіршілдік қазақ халқының төл діні емес // <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2020-05-09/31344-tmirshildik-kazak-khalkynyn-tol-dini-emes/> (Қаралған уақыты: 15.08.2022)
- Уәлиханов Ш. (1985) Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Таңдамалы шығармалар. – 2-бас. – Алматы: Жазушы. – 560 б.
- Юнг К.Г. (2019) Архетипы и коллективное бессознательное. – М.: АСТ. – 590 с.

References

- Almurzaeva Bibigul (2021) Qazirgı tandagy Tanırshıldik agymynyn kozqaras negizderi men ustanymdary [The basics of view and position of current Tengrianism]// <https://religions-congress.org/kz/news/novosti/1108> (Qaralghan uaqyty: 15.10.2022) (in Kazakh)
- Amanzholov K.R. (2004) Qazaqstan tarihy darister kursy [A lecture course of the History of Kazakhstan]. 1st book. – Almaty: Almaty Kitap. – 137. (in Kazakh)
- Atash B.M., Tanjarov M.I. (2022) Kone turki-turki-qazaq dalasyndagy shamanizmnın genезisi men evolusiasy: tarihi-tanymdyq bagdarlar [The genesis and evolution of shamanism in the ancient Turkic-Turkic-Kazakh steppe: historical and cognitive orientations]. – Adam alemi. – №2. – pp. 173-187. (in Kazakh)
- Beristen J. (2017) Tanırshıldik ham qazaq halqynyn ulttyq misiasy [Tengrianism and the national mission of Kazakh people]// <https://abai.kz/post/57737> (Qaralghan uaqyty: 15.10.2022) (in Kazakh)
- Dewey J. (1998) Logic: the theory of inquiry. N. Y.. p. 15 (in Russian)
- Groff S. (2000) Za predelami mozga: Rojdenie, smert i transendensia v psihoterapii [Beyond the Brain: Birth, Death and Transcendence in Psychotherapy]. – 3rd ed. – M.: In-t Transpersonalnoi Psihologii, Psychotherapy Institute Publish house. – 504. (in Russian)
- Landau L. D., Lifshits E. M. (2004) Kvantovaya mehanika (nerelativistskaya teoriya) [Quantum mechanics (non-relativistic theory)]. 6th ed., Edited. – M.: Fizmatlit. – 800. (in Russian)
- Mersadyq A. (2021) Tanırshıldik – qazaq duniетanymynyn ajyramas bolshegi [Tengrianism as a part of Kazakh people`s worldview]// <https://e-history.kz/kz/news/show/33018/> (Qaralghan uaqyty: 15.10.2022) (in Kazakh)
- Orazqulova Q.S. (2000) Qazaqstan suretshileri shygarmashylygyndagy arhetiptik obraz ben ujymdyq beisana filosofiasy. Filos. gyl.kand.diss [The philosophy of archetype image and collective uncounciousness in the Kazakhstani painters` works]. A candidate diss.work. – Almaty. – 123. (in Kazakh)

Ospanov S. (2009) Argytektanu negızderi: tanırlık pen jaratushylyq ılımdı zertteudın gylymi-praktikalyq maseleleri [The basics of geneology: the scientific-practical problems of the study of Tengrianism and the Creator study]. – Almaty: Arys. – 424 p. (in Kazakh)

Qaldybaev Q. (2015) Ulttyq qauıpsızdıqtın filosofıalyq negızderi [The philosophical foundations of National Security]. PhD gylymi darejesın alu ushın daiyndalğan diss. – Almaty. – 154 p. (in Kazakh)

Sabit M., Kokumbaeva B., Temirton G. (2013) Duhovnaya kultura velikoi stepi i sovremenost [Spiritual culture of the Great Steppe and modernity]. – Almaty: KazNİİK. – 200 p. (in Russian)

Toishybaiuly Amantai (2020) Tanırshıldık qazaq halqynyñ tol dını emes [Tengrianism is not the native religion of Kazakh people]// <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2020-05-09/31344-tırshıldık-kazak-khalkynyn-tol-dini-emes/> (Qaralğan uaqyty: 15.10.2022) (in Kazakh)

Walikhanov Sh. (1985) Qazaqtardagy shamandyqtyn qaldygy [The remains of Shamanism of Kazakh people]// Tandamaly shygarmalar. 2nd ed. – Almaty: Zhazushy. – 560 p. (in Kazakh)

Yung K.G. (2019) Arhetipy i kolektivnoe bessoznatelnoe [Archetype and collective unconscious]. – M.:AST. – 590 p. (in Russian)